



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

---

---

**ЕРЕЖЕ**

**БЕКІТЕМІН**



«Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
Басқарма төрағасы - ректор  
С.Н.Идрисов  
«19» 01 2024 ж.





**ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ КЛУБЫ ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

№ 236

Атырау 2024 ж.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басылым: екінші
	Тоғызқұмалақ клубы туралы Ереже	2 - бет, 9 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
<b>Жасақтаған</b>	Жастар саясаты департаменті директоры	Г.Саясат		18.01.2024
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшығұлова		18.01.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		18.01.2024

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Тоғызқұмалақ клубы туралы Ереже	3 - бет, 9 беттен тұрады

### Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	5
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	5
8	Жауапкершілігі	6
9	Қорытынды ережелер	8
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	8
	Танысу парағы	9
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	10

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Тоғызқұмалақ клубы туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады

## 1 Жалпы ереже

- 1.1 Атырау университеті Тоғызқұмалақ клубы – университет деңгейінде студенттерге ұлттық мәдени мұраны сақтап қалу;
- Ұлттық ойынды жандандыру;
  - Тоғызқұмалақ ойынына қызығушылығын арттыру;
  - Ұлттық ойынды дәріптеу, ұлттық сана сезімін молайту
- мақсатында құрылған студенттердің қоғамдық ұйымы.
- 1.2 Шығармашыл, өз ойлары мен істерінде дербес, іс-әрекеттері мен ниеттерінде игілікті де парасатты болу. Қандай жағыдай болмасын сыпайылық пен кішіпейілділік танытып, өзін-өзі ұстай білу, белгіленген қоғамдық тәртіп ережелері мен жеке адамдар қарым-қатынастарының қағидаларын сақтау.
- 1.3 Клубтың қызметі еріктілік, тең құқылы, өзін-өзі басқару және заңдылық қағидаттарына негізделеді.

## 2 Қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:

АУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;

АМЖП – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;

ӘМЖЖСЖП – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;

ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы;

СМК- Сапа мониторингі кеңсесі.

## 3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;
- 3.2 АУ жарғысы;
- 3.3 АУ ішкі құжаттамасы.

## 4 Негізгі міндеті

### Тоғызқұмалақ ойынының мәні

- Тұлғаға үйлесімді (гармониялық) тәрбие беру;
- Кез-келген тұлғаның ақыл-ойын шыңдау, ми қызметін дамыту және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру.

-Тоғызқұмалақ - бабаларымыздың ұрпағына қалдырған баға жетпес сыйы, рухани құндылығы, аманаты. Бұл ойын ең жетілген спорт түрлерінің бірі ретінде адамзатты жаңа шыңдарға жетелейтін ойы кең, рухы биік, саналы тұлғаларды тәрбиелеудің қуатты құралы бола алады.

### Заңдылықтары:

- тоғызқұмалақ ережелерін қолданудың бір ізділігін қамтамасыз ету, жарыс өткізу жүйесін бір қалыпқа келтіру;
- спорттық шеберлікті және зияткерлік қабілетті арттыру;
- ұлттық ойынды халық арасында кеңінен насихаттау және ары қарай дамыту.

### Ойыншы ұстанымы:

Ар-ұждан – бұл ойыншының басты ішкі адамгершілік қасиеті, оның айбыны, ізгі жаны және таза ары.

Шығармашыл, өз ойлары мен істерінде дербес, іс-әрекеттері мен ниеттерінде игілікті де парасатты болу.

Қандай жағыдай болмасын сыпайылық пен кішіпейілділік танытып, өзін-өзі ұстай білу, белгіленген қоғамдық тәртіп ережелері мен жеке адамдар қарым-қатынастарының қағидаларын сақтау.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Тоғызқумалақ клубы туралы Ереже	5 - бет, 9 беттен тұрады

### *Ойынның ойнау реттілігі:*

1. Ойыншылардың біріне – бірі қарама –қарсы етіп жұптастыра отыруы.
2. Тоғызқумалақ тақтасын тарату.
3. Ойыншылар әр отауға тоғыз–тоғыздан құмалақтар орналастырады.
4. Ойыншылар тақталардың ойын бастауға дайындығын тексеріп шығады.
5. Қай ойыншының бірінші бастайтынын туралы хабарын анықтайды
6. Ойын ережесін және ойын мақсатын тағы да хабарлап ескерткенін күтеді.

### *Ойын барысында:*

1. Ойыншылар спорттық этиканы сақтауын қадағалайды.
  2. Әр ойыншы жүріс жасап болғаннан кейін, құмалақтардың отауларда ретімен орналасып жатуын, яғни олардың не жұп, не тақ санды екендігі анық көрінетіндей болып орналастыруы қажет.
  3. Егер жүріс табысты болса, қарсылас та сол жүрістің табысты екендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана ойыншы құмалақтарды өз қазанына сала алады.
  4. Ойын барысында отауда жатқан құмалақтарды қарсыласқа көрсетпеймін деп көлегейлеуге болмайды.
  5. Ойын барысында отауда жатқан құмалақтарға себепсіз қол тигізуге болмайды. Қолың тиген отадан жүруге міндеттісің.
  6. Егер отауда жатқан құмалақтарды реттеп қойғың келсе міндетті түрде қарсыласың еститіндей етіп «жөндеймін» деп дауыстап айтуға міндеттісің.
  7. Ойын барысында оқушылардың бірін –бірі сыйлау, құрметтеу қасиеттерін орындауын қадағалау керек.
- 4.1 Клубтың басқа мүшелерімен белсенді түрде қарым-қатынасқа түсу арқылы студенттердің зияткерлік құзыреттіліктерін дамыту;
  - 4.2 Клуб мүшелерінің интеллектуалды және шығармашылық дамуына жәрдемдесу және өздерін жүзеге асыруға бағытталған спорттық шараларға, жарыстарға, турнирлерді ұйымдастыру;
  - 4.3 Университетіміздің Инновациялық білім беру факультетінің Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының аға оқытушысы, магистрі Қалдыбаева Айман Әшірқызының жетекшілігімен клуб жұмыс жасайды.
- 5 Негізгі қызметі**
- 5.1 Коммуникативті функция;
  - 5.2 Идеологиялық функция;
  - 5.3 Мәдени-білім беру;
- 6 Ұйымдық құрылымы**
- БАҚӨК әкімшілік пен мүшелерден тұрады
- 6.1 Медиа клуб әкімшілік құрамы:

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Тогызқұмалақ клубы туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

- Президенті;
- Вице-президенті;

**6.2 Клуб мүшелері:**

- Атырау университетінің студенттері жыл басында іріктеуден өтіп, клуб мүшесі бола алады.
- Университет студенттері, магистранттары, оқытушылары клуб мүшесі бола алады;
- Клуб мүшелерінің тең құқықтары бар және тең міндеттер атқарады;
- Клуб мүшелерінің құқығы бар:
- клубтың қолдауын, қоғауын және көмегін пайдалану;
- басшы және бақылаушы органдарды сайлауға қатысу;
- клуб өткізетін іс-шараларға қатысу;
- клубтың қызметіне қатысты ұсыныстар енгізу және оларды талқылауға және іске асыруға қатысу;
- клубтың қызметі туралы ақпаратты алуға;

**7 Құқығы**

**7.1 Клуб жетекшісі құқылы**

- Клуб жұмысына өзгертулер енгізу;
- Кезекті және кезектен тыс жиналыстар өткізуге;
- Клуб жұмысына байланысты басқа да сұрақтарды шешуге.

**Клуб жетекшісі міндетті:**

- клуб жоспарларын және мақсаттарын іске асыруға;
- клуб әкімшілігі мен мүшелеріне жауапты болуға;
- Клубтың жұмысын ұйымдастыруға;

**Клуб орынбасары** – жетекші болмағанда, жетекшінің қызметтерін уақытша атқарушы

**Клуб орынбасары құқылы:**

Жетекші бос болмаған уақытта ойынды өткізуге;

**7.2 Клуб орынбасары міндетті:**

- Жетекшінің берген тапсырмаларын орындауға;
- Клубтағы тәртіпті қадағалауға;
- Жаңадан келген мүшелерге ойынды түсіндіріп үйретуге;

**7.3** Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

**7.4** Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Тоғызқумалак клубы туралы Ереже	7 - бет, 9 беттен тұрады

- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
- басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
- мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

## 8 Жауапкершілігі

- 8.1 Клуб мүшелері өз қызметі үшін толық жауапты болады;
- 8.2 Алғы сөзде көрсетілген құжатты әзірлеушілер әзірлеу, мазмұны, құрылымы, ресімделуі үшін жауапты болады;
- 8.3 Бекітілген құжатты қызметкерлердің назарына жеткізгені үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады.

## 9 Қорытынды ережелер

- 9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

## 10 Өзгерістер енгізу тәртібі

- 10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі. Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді. Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады. Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

- заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.



